



«АККРЕДИТТЕУ ЖӘНЕ РЕЙТИНГТІҢ
ТӘУЕЛСІЗ АГЕНТТІГІ» КЕМ

НУ «НЕЗАВИСИМОЕ АГЕНТСТВО
АККРЕДИТАЦИИ И РЕЙТИНГА»

INDEPENDENT AGENCY FOR
ACCREDITATION AND RATING

ЕСЕП

2018 жылдың 10 сәуірі мен 12 сәуірі аралығында
«Тараз-Болашақ» медициналық колледжі ЖШС
0301013 “Емдеу ісі” біліктілігі 0301000- «Фельдшер» , 0301023 «Акушер»
мамандықтары бойынша білім беру бағдарламасының мамандандырылған аккредиттеу
стандарттарының талаптарына жұмыс нәтижесінің сәйкестігін
сыртқы сараптау комиссиясының бағалау

Тараз 2018

АККРЕДИТТЕУ ЖӘНЕ РЕЙТИНГТІҢ ТӘУЕЛСІЗ АГЕТТІГІ
Сыртқы сараптау комиссиясы

АРТА Аккредиттеу
Кеңесіне жіберілді



Аккредиттеу және рейтингтің
тәуелсіз агенттігі

2018 жылдың 10 сәуірі мен 12 сәуірі аралығында
«Тараз-Болашақ» медициналық колледжі ЖШС
0301013 “Емдеу ісі” біліктілігі 0301000- «Фельдшер» , 0301023 «Акушер»
мамандықтары бойынша білім беру бағдарламасының мамандандырылған
аккредиттеу стандарттарының талаптарына жұмыс нәтижесінің сәйкестігін
сыртқы сараптау комиссиясының бағалау есебі

(I) БЕЕЛІГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

- МЖМБС - мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары
- ҚМА – Қорытынды мемлекеттік аттестация
- МҰ – Медициналық ұйым
- ТжКБ – Техникалық және кәсіптік білім беру
- ОЖБ – Оқу жұмыс бағдарламасы
- ОЖЖ – Оқу жұмыс жоспары
- ҮОЖ – Үлгілік оқу жоспары
- ТОЖ – Типтік оқу жоспары
- КТП – Күнтізбелік тақырыптық жоспар
- СМЖ – сапа менеджменті жүйесі
- КП – кәсіптік практика
- ОӘК – Оқу – әдістемелік кешен
- ПОӘК – Пәннің оқу – әдістемелік кешені
- ЦӘК – Циклдік әдістемелік комиссиясы
- ДК- Дербес компьютерлер
- АТО - Ақпараттық технологиялық орталық
- ПҚ-Педагогикалық құрам
- СЭЕН- Санитарлық - эпидемио эпидемиологиялық ережелер мен нормалар
- ФАП – фельдшерлік-акушерлік пункті
- ӘЭП – әлеуметтік-экономикалық пәндер
- ЖББП – жалпы білім беретін пәндер
- ЖГП – жалпы гуманитарлық пәндер
- ӨІТ-Өндірістік іс тәжірибе
- ББ – білім беру бағдарламасы
- ОЖЖ – Оқу жұмыс жоспары

III КІРІСПЕ

0301000 “Емдеу ісі” мамандығының 0301013- «Фельдшер», 0301023 – «Акушер» біліктілігі бойынша мамандандырылған аккредиттеу стандартына сәйкестігін анықтау мақсатында 2018 жылдың 10 сәуірі мен 12 сәуірі аралығында «Тараз-Болашақ» медициналық колледжінде мамандандырылған аккредиттеу жөніндегі «Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігінің» (АРТА) №18-18-ОД 28.02.2018жылғы бұйрығына сәйкес сыртқы сараптама комиссиясы жұмыс жасады. Комиссия құрамына Қазақстан Республикасы мен Қырғызстан Республикасы жоғары оқу орындарының өкілдері, жұмыс берушілер мен студент жастар атынан келген өкілдер кірді:

1. **Комиссия төрағасы** – Адылканова Асель Мадениетовна, «Шипагер» медициналық колледжінің директоры (Астана қаласы)
2. **Шетелдік сарапшы** – Байысова Гулзат Абиировна, Талас медицина колледжі (Қырғызстан Республикасы, Талас)
3. **Шетелдік сарапшы** – Тайилов Миталип Муратович, Баткен мемлекеттік университеті, физика-математика ғылымдарының докторы (Қырғызстан Республикасы, Бішкек қаласы)
4. **Эксперт** – Тұрғыналиева Анар Тұрсынбековна, «Шипагер» медициналық колледжі директорының іс-тәжірибе жөніндегі орынбасары (Астана қаласы)
5. **Эксперт** – Бекенбаева Сара Шакеновна, «Тараз мамандандырылған колледжі» мамандандырылған пәндер оқытушысы (Тараз қаласы)
6. **Эксперт** – Оспанова Марьям Нығметқызы –МҚКК «Көкшетау жоғарғы медициналық колледжі» «Зертханалық диагностика» бөлімінің басшысы, дәрігер-эпидемиолог, арнайы пәндер оқытушысы (Көкшетау қаласы)
7. **Жұмыс беруші** – Ахилбекова Жамиля Жұмабайқызы, №2 қалалық аурухана Врач акушер-гинеколог (Тараз қаласы)
8. **Студент** – Қыпшақбаев Ермек Алмасұлы, МҚКК «Жамбыл медициналық колледжі», «Емдеу ісі» мамандығы 3 курс студенті (Тараз қаласы)
9. **Агенттіктен бақылаушы** – Джакенова Алиса Сатбековна, Агенттіктің медициналық жобалар жетекшісі (Астана қаласы).

Ұсынылып отырған ССК есебі білім беру бағдарламаларының АРТА ұйымының критерийлері мен параметрлеріне сәйкестігін анықтап, білім беру бағдарламаларын одан әрі бейінді жетілдіруді қамтиды.

(Ш) БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМЫ ЖӨНІНДЕ МӘЛІМЕТ

«Тараз-Болашақ» медициналық колледжі ЖШС кәсіптік-техникалық білім беретін кәсіптік білім беру бағдарламасын жүзеге асыратын, заңды тұлға мәртебесіне ие кәсіптік-техникалық білім беретін жекеменшік білім ордасы болып табылады.

«Болашақ» колледжі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 23.04.2004 жылғы № 353 бұйрығы бойынша өз жұмысын кәсіптік-гуманитарлық мамандықтар бойынша бастады. 19.04.2010 жылғы № 239 бұйрығы негізінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі мен Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасынан «Болашақ» кәсіптік-гуманитарлық колледжіне келесі: 0301000 – «Емдеу ісі», 0302000 – «Медбикелік іс», 0303000 – «Гигиена және эпидемиология».

Жамбыл облыстық білім беру саласын бақылау департаменті 2013 жылғы 25 шілдеден бастап № 390 бұйрық бойынша лицензияға қосымша 0305000- «Зертханалық диагностика» мамандығы берілді. 11. 10. 2017 жылдан бастап колледж атауы «Тараз-Болашақ» медициналық колледжі ЖШС болып өзгертілді. Қазіргі таңда оқу орны өзінің білім беру қызметін ҚР БМЖС негізінде 3 мамандық бойынша іске асыруда:

Колледждегі оқыту «Емдеу ісі», «Медбикелік іс», «Зертханалық диагностика» (ескерту1, кесте4) мамандықтары бойынша ақылы түрде толық төлемақысымен жүзеге асырылады. Оқыту тілі – қазақ, орыс. 2017-2018 оқу жылында оқушылар контингенті 1863 адамды құраса, оның ішінде 1543 адам қазақ тілінде, ал 299 адам орыс тілінде және 21 адам ағылшын тілінде дәріс алуда.

«Емдеу ісі» мамандық бойынша білім алушылар контингенті:

- 1 курс - 254
- 2 курс - 338
- 3 курс - 283
- 4 курс - 313

Аталмыш мамандықта барлық білім алушылар – 1188 студент. 2017-2018 оқу жылында «Фельдшер», «Акушер» біліктілігі бойынша – 313 түлек колледж бітіреді деп күтілуде.

Колледж жұмысын оқу-әдістемелік бірлестік (ОӘБ) және циклдік әдістемелік комиссияның (ЦӘК) жұмысы арқылы орта деңгейдегі білікті мамандар даярлау бағытында жүргізеді. Лицензиялық нормативтерді сақтау талдамасы (студенттер контингенті, оқытушылық құрам, оқу-әдістемелік материалдармен қамсыздандырылуы, материалдық-техникалық база жағдайы) олардың толық көлемде орындалып жатқанын көрсетті. Колледжде студенттерді оқытатын арнайы заманауи технологиялармен және білім сапасы мониторингімен жабдықталған симуляциялық орталық құрылған.

«Емдеу ісі» мамандығы бойынша өндірістік іс – тәжірбиеден өтуге «Жамбыл облыстық ауруханасы», Жамбыл облыстық балалар ауруханасы», Жамбыл облыстық перинатальды орталық», «№1 қалалық балалар ауруханасымен» 2017-2018 оқу жылына келісімшарт жасалған.

Колледж өзінің 4 қабатты жалпы көлемі 7123,6 ш.м., 4 қабатты жекеменшіктегі ғимараты бар. Оның 5946,2 ш.м оқу корпусы мен медициналық орталық алып жатыр, қалған 185,4 ш.м әр студентке шаққанда 3,06 кв.м. құрайтын оқу үрдісін ұйымдастыруға арналған қосымша оқу корпусы, 239,4 ш.м 145 орындық (кесте 18) акт залы, 242 ш.м. спорт залы, оның ішінде 65, 7 ш.м. гимнастика залы, спорттық құрылғылармен жабдықталған тренажер залы 88,5 ш.м, 300 ш.м. құрайтын жазғы спорт алаңы және де 40 орындық асхана, санитарлық талаптарға сай, техникалық қауіпсіздік ережелері сақталған 72 орындық жатақхана орналасқан.

Оқытушылар мен студенттерге медициналық қызмет 15.04.2016 жылғы ескертуімен №16006418 нөмірлі лицензиясы бар медициналық орталықта көрсетіледі. Медициналық орталықта 14 маманның қабылдауы жүргізіледі, оның ішіне ЖТД та кіреді. Флюоро, ЭКГ, УДЗ, сонымен қатар ЛФК-уқалау, дәрігердің алдын ала тексеру, қарау, ем-

шара кабинеттері, клиникалық және биохимиялық зертханалар, 5 орындық күндізгі стационар жұмыс жасайды. Барлығы АМСП жабдықтау минималды стандартына сай жабдықталған 30 кабинет. Колледжде жоғарғы талаптармен симуляциялық орталық жұмыс жасайды. Симуляциялық орталықтың жұмысы 10 кабинетте видеокұрылғымен бақыланады. «Тараз-Болашақ» медициналық колледжі оқу үрдісіне ақпараттық технологияларды енгізу бойынша тынымсыз жұмыс жүргізуде. Колледжде WI-FI жүйесі орнатылып, жалпы локалдық сымдық желі құрылған.

Колледжде жоғары жылдамдықтағы интернет желісіне қосылған 3 компьютер аудиториясы бар. Жалпы білім беру, кәсіби және арнайы пәндер бойынша сабақтар өткізуге қолдану үшін 9 интерактивті тақта бөлінген. Колледж оқытушылары, қызметкерлері және студенттер үшін Интернет желісіне қосылуға барлық жағдай жасалған. Колледждің барлық компьютерлері локалдық желіге қосылып, 4МБ/с. жылдамдықтағы кең жолақты Интернет канал арқылы, сонымен қатар сымсыз Интернетке қосылу үшін арнайы WI-FI жүйесі бойынша жеке Интернет канал орнатылған.

Қазіргі таңда кітапханалық үрдісті кешенді автоматтандыру және электрондық каталогтар құру үшін колледжде кітапхана қорын автоматтандыруға мүмкіндік беретін «RWБИС» бағдарламасы енгізілген.

Ғылыми-зерттеу жұмыстар

Колледжде құрылған ғылыми-зерттеу жұмысының жүйесі шығармашылық әдістермен жеке және ұжымдық үлгіде кәсіби және әлеуметтік мәселелерді шешуге, тәжірибелік қызметте ғылыми-техникалық өрлеу жетістіктерін қолдануға қабілетті білікті маман дайындаудың құрамдас бөлігі болып табылады.

Колледж студенттері халықаралық, республикалық және облыстық байқаулар мен жарыстарға үздіксіз қатысып отырады.

Колледжде 2012-2013 оқу жылынан бастап «Интеллект» қоғамдық-ғылыми орталық жұмыс жасайды. Оқытушылар «Интеллект» қоғамдық-ғылыми орталығында студенттермен бірге ғылыми жұмыстарды зерттейді. «Интеллект» ғылыми қоғамының ғылыми-зерттеу жобаларының материалдары 3 жинақ етіліп жарияланды.

Сонымен қатар электронды баспамен мақалалар жарияланды (5 мақала, авторы Қазбекова Дина). Республикалық ғылыми баспада 7 мақала жарияланды (3 мақала, авторы Жексембинова А., 4 мақала, авторы: Мұрат Ж., Аликулова У., Нурғалиева А., Орынбаев Ж.). 2017, 2018 ж. Әдістемелік нұсқалар жарияланды: «Ота бөлімінде және таңу бөлмесіндегі медбике қызметі», авторы – Ордабеков С.О., «Фармокология пәні бойынша графологиялық құрылымның бөлімі», авторы – Тағыбаева К., Фирсенко Е. Колледж оқытушылар ішінде жоғары сатылыларыда бар: Аскаров П.А. – физика-математика ғылымдарының кандидаты, профессор, Саурбаев Т.К. – медицина ғылымдарының кандидаты, Жексембинова А.К. – пед. и псих докторы, Джошибеков С.Д., Ордабеков С.О. – медицина ғылымдарының дәрігерлері.

«Тараз-Болашақ» медициналық колледж оқытушылары түрлі республикалық байқаулар мен жарыстарға қатысып жүлделі орындар алуда. Мысалы: Л.Гумилев атындағы ҰУ-тің Астана қаласында білім қызметкерлері арасында өткізген байқауына қазақ тілі пәнінің оқытушысы С.Сейтжанов қатысып, II дәрежелі дипломмен марапатталып, «2017 жылдың үздік оқытушысы» деген атқа ие болып, төс белгімен наградталды.

(IV) ССК сапарының сипаттамасы

2018 жылдың 10 сәуірі мен 12 сәуірі аралығында «Тараз-Болашақ» медициналық колледжі білім беру бағдарламасының мамандандырылған аккредиттеу стандарттарының талаптарына жұмыс нәтижесінің сәйкестігін анықтау мақсатында ССК Бағдарламасы жасалды.

Білім бағдарламаларының сапасы және колледж инфрақұрылымы туралы шынайы ақпарат алу, өзін – өзі бағалау есебін нақтылау мақсатында ССК колледждің барлық ұйымдық құрылымымен, директорымен, директордың оқу-әдістемелік жұмысы жөніндегі орынбасарымен, директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарымен, директордың өндірістік жұмысы жөніндегі орынбасарымен, персоналды басқару бөлімінің басшысымен, ЦӘК жетекшілерімен, ОӘБ жетекшілерімен, бөлім меңгерушілерімен, әдіскермен, бас бухгалтермен, оқытушылармен, студенттермен, жұмыс берушілермен, түлектермен кездесу ұйымдастырылып өткізілді.

ССК жұмыс барысында колледждің инфрақұрылымы: оқу аудиториялары, компьютер сыныптары, кітапхана, оқу залы, спорт залы, асхана, медициналық орталық, клиникаға дейінгі орталығымен танысты. Сонымен қатар, ССК мүшелері колледждің оқу әдістемелік комиссиясының құжаттарымен, педагогикалық кеңес құжаттарымен, бөлімдер мен оқу бөлімінің құжаттарымен, жалпы ішкі бақылау құжаттарымен танысты.

Аккредиттеу бағдарламасына сай, ССК жұмыс барысында колледждің әлеуметтік серіктестерінің, яғни, колледждің өндірістік іс-тәжірибе өткізетін мекемелерін қарап шығу қажет болатын. Бағдарламаға сай, ССК мүшелері Облыстық перинатальды орталықта, Жүрек хирургиясы және трансплантология ғылыми-клиникалық орталығында, Жамбыл облыстық ауруханасында, Облыстық балалар ауруханасында, №1 қалалық балалар ауруханасында, Облыстық балалар жұқпалы ауруханасында, Жамбыл облыстық Ұлттық сарамтау және сертификациялығын аралар, іс-тәжірибе барысымен танысып қайтты.

Іс-тәжірибе базасын аралау барысында материалды-техникалық жабдықталуына, студенттердің іс-тәжірибеден өтетін орындарына, арнайы жабдықталуна баса назар аударылды. Сонымен қатар әкімшілік кешенді де аралып танысты. Ондағы бас дәрігерлер, аға медбикелер, бөлім басшылары ССК мүшелерімен кездесіп, іс-тәжірибеден өтіп жатқан студенттердің білімі, оларға қойылатын талаптар мен іс-тәжірибенің өту үрдісі жайлы айтып өтті.

Өндірістік іс-тәжірибе өткізілетін мекемелерді ССК аралау барысында клиникалық іс-тәжірибеден өтіп жүрген 3 курс студенттерімен жолығып, пікір алысты. Студенттер іс-тәжірибеден өту барысында директордың бұйрығымен тағайындалған әдістемелік жетекшінің бағыт-бағдарымен жұмыс жасайды. Колледж түлектері мен студенттерінің білім, біліктілігі жайлы мекемедегі жетекшілер оң пікірде. Жамбыл облыстық ауруханасымен колледж етене жұмыс жасауда. Жамбыл облыстық ауруханасының бір дәрігері С.З.Бейсенмековамен сұхбат барысында колледж студенттерінің білім сапасының жоғары екенін айрықша атап өтті. Бірнеше колледж түлектерінің Жамбыл облыстық ауруханада жұмыс жасайтынын көріп, сұхбаттастық. Осы аурухананың дәрігерлерінен іс-тәжірибеден өтіп жүрген студенттері жайлы жағымды пікірде екенін сұхбат барысында аңғардық. Аурухана дәрігерлері білім беру бағдарламасының жақсаруына да өз үлестерін қосуда. «Емдеу ісі» мамандығы бойынша **287** түлек өткен оқу жылында «Тараз-Болашақ» медициналық колледжін бітірген болса, **203** өз мамандықтары бойынша бірнеше медициналық ұйымдарға жұмысқа орналасқан. Бұл осы мамандықты бітіруші түлектердің **70,7%** құрайды.

«Тараз-Болашақ» медициналық колледжінің түлектерімен аталмыш мекемелердің барлығында сұхбат жүргізілді. Олар ССК мүшелеріне өз қызметтеріндегі жетістіктері мен табыстарға жетуіне оқыған колледждерінің септігінің тигенін айта атырып, өздеріне терең білім берген колледжге рақметін айтуды да ұмытпады.

«Медбикелік іс» мамандығы бойынша ССК мүшелері теориялық және практикалық сабақтарға қатысты. Олар: «Мейіргер ісі негіздері», «Жұқпалы аурулар», «Хирургиялық аурулар», «Акушерия және гинекология» пәндері. Сабаққа қатысу барысында барлық оқытушылардың колледж әкімшілігімен бекітілген КТЖ, жұмыс бағдарламаларымен болды. Студенттер сабақта теориядан алған білімдерін тәжірибеде еркін қолдана алады, сабаққа белсене қатысады, интерактивті тақтамен ауқымды жұмыс жасай алады. Жалпы

айтқанда қатысқан барлық сабақтар өз дәрежесінде әдістемелік жағынан жоғарғы деңгейде өтті.

Қазақтың салт – дәстүрін жаңғыртып, әдег-ғұрпын дәріптеу мақсатында өткізілген тәрбие сағатына ССК мүшелері колледждің «Рухани жаңғыру – мәңгілік ел Қазақстан» атты тақырыпта топ жетекшілері мен директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары А.Ж.Мадомаровамен бірлесе өткізген тәрбие сағатына да қатысты. Тәрбие сағатында студенттер өз өнерлерін ортаға салды.

Колледжді бітірген медицинаның әр саласында қызмет атқарып жүрген 24 түлектермен әңгіме-сұхбат жүргізілді. Олар ССК мүшелеріне өз жетістіктері мен табыстары үшін «Тараз-Болашақ» медициналық колледжінің оқытушыларына алғыстарының шексіз екенін білдірді.

«Жамбыл облыстық балалар ауруханасының басшылары мен қызметкерлері де колледжге өз алғыстарын айтуда.

Колледждің материалдық-техникалық базасы жақсы жабдықталған. АКТ студенттердің өзіндік жұмыстарын ұйымдастыру, білімдерін саралап, түзету үшін қолданылады. Компьютерлік технологиялар студенттерді тестілеуде, сонымен қатар оқу үрдісінде, жаңа материалды игеруде, тәжірибелік сабақтарда, электрондық және қағаз түріндегі таратушыларда әдістемелік материалдарды әзірлеу барысында кең қолданыс табады.

Ақпараттық ресурстарды басқару мен лайықты инфрақұрылымдардың дамуы – колледждің басты артықшылықтарының бірі. Колледждегі үздіксіз жұмыс жүргізу және оқытуға қажетті негізгі ақпараттық ресурстар өздерінің сипаттарына байланысты түрлі деректемелерге шоғырланып, бір ғана автоматты ақпараттық желіге жинақталған.

Жаңа ақпараттық технологияларды пайдаланылуы және дамуындағы бір фактор олардың үздіксіз дамуы болып табылады. «Тараз-Болашақ» медициналық колледжі оқу үрдісіне ақпараттық технологияларды енгізу бойынша тынымсыз жұмыс жүргізуде.

«Емдеу ісі» мамандығы бойынша колледж 3 дүркін түлек шығарып, 201 маман даярлаған.

(V)АЛДЫҢҒЫ АККРЕДИТТЕУДЕН ӨТУ СИПАТТАМАСЫ

Бұрын оқу орнында аккредитация жүргізілмеген.

(VI)МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН АККРЕДИТТЕУ СТАНДАРТЫНА СӘЙКЕСТІГІ

6.1 «Миссия және басшылық» стандарты

Дәлелді бөлігі:

«Миссия және басшылық» стандартына талдау жасауда басты мақсат 0302000 «Медбикелік іс» оқу бағдарламасының білім-ғылым қоғамдастығында бәсекеге қабілетті маман даярлау мақсатында білім беру сапасын арттыруда жасалып жатқан жұмыс негізінде баса назар аударылды.

Педагогикалық ұжымның өз қызметінің сапасын арттыруда басшылыққа алатын колледж миссиясы бар: Білім беру үрдісіне сай, бәсекеге қабілетті маман даярлау.

Колледждің миссиясы 2016 жылғы 1 қыркүйектегі Педагогикалық кеңес отырысында (№1 хаттама) бекітілді. 2017 жылы колледждің миссиясы ҚР медициналық мамандықтардың 2019 жылға дейінгі дамуының Кешенді жоспары, ЖМББС, ҚР денсаулық сақтау саласын дамытудың 2016-2020 жылдарға арналған «Денсаулық» мемлекеттік бағдарламасы мен, ҚР Білім саласын дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы негізінде қайта қарастырылып, өзектендірілді. Әрбір қызметкер колледждің дамуы мен өркендеуіне өз үлесін қосуда. Колледждің даму

стратегиясын даярлауға колледж оқытушылары, қызметкерлері және студенттері, жұмыс берушілер, колледж түлектері қатысты. Колледждің стратегиялық даму жоспарын талқылау барысында білім беру үрдісін жандандыру және медицина мамандарын даярлауды жақсарту бойынша ұсыныстар да қарастырылды. Колледждің стратегиялық даму жоспары жасалғанда колледж қызметкерлері, оқытушылары, студенттері, түлектері және Тараз қаласының медицина саласында қызмет ететін қызметкерлері қатыстырылған. Колледждің стратегиялық даму жоспары миссияға негізделіп, білім қызметінің табысты болуына барлық жұмысын қамтитындай етіп жасалған. Колледждің өсіп өркендеуіне, колледждің дербес имиджін қалыптастыруға, білім сапасын арттыруды колледж ұжымы басты мақсат етіп алған.

Күшті жақтары/үздік тәжірибе:

Күшті жақтары:

- Білім беру бағдарламасына, одан күтілетін нәтижеге миссия мен мақсаттың медициналық колледжге сай келуі.
- Білім беру бағдарламасының сапасының артуы мақсатында оқытушылар мен студенттердің бірлесе жұмыс жасауы.
- Медициналық білім беру жүйесінің жаңғыруына байланысты қайта қаралған, оның барлық қызмет түрін анықтайтын, мекеменің нақты эзірленіп бекітілген стратегиялық жоспары бар.
- Колледждің стратегиялық даму жоспары медициналық колледж миссиясына сай эзірленген.
- «Тараз-Болашақ» медициналық колледжі ЖШС білім беру бағдарламасын басқаруды үйренуші оқытушылар мен жұмыс берушілер өкілдеріне білім сапасы үшін кепілдік береді.
- Академиялық саясат колледжінің "Емдеу ісі" мамандығы миссияға бағытталған орта медициналық білімі бар мамандық дайындайды, сондай-ақ адал, әділ, ашық және қолжетімді білім беру бағдарламасының сапасын арттыру үшін мақсаттар мен күтілетін нәтижелер қайта қаралады және жарияланады.

Аналитикалық бөлім

«Миссия және басшылық» стандарты бойынша айта кететін болсақ, колледждің миссиясы, мақсаттары колледжде бар материалдық-техникалық, интеллектуалдық ресурстар мен бәсекелес ортаның талаптарына лайықты. Миссия мен мақсаттар және күтілетін нәтижелер ТЖКБ кәсіптік стандарттарын және мүдделі тұлғалардың үміті мен қажеттілігін көрсету үшін қарастырылады. Стратегиялық жоспар жарияланған міндеттерге сай, білім беру қызметін көрсетуде табысты өтуде, мүдделі тараптардың тапсырыстарын қанағаттандырады. «Емдеу ісі» мамандығының оқу жоспарында семестр бойынша оқу сағаттарының саны, МЖМББС сәйкес бақылаудың түрі көрсетілген. Колледждегі студенттерді аралық аттестаттау МЖМББС негізінде эзірленген оқу жұмыс жоспары және бағдарламаларымен сәйкес жүзеге асырылады. Колледждің білім беру бағдарламасы миссияға негізделіп, сапалы білім беруге жұмыс атқаруда. Колледждің миссиясы мен мақсаттары колледж ұжымы мен өзге де қызығушы тұлғаларға қол жетімді.

«Тараз-Болашақ» медициналық колледжі ЖШС академиялық транспаренттілік саясатын жүргізеді: ашықтық, тазалық және қол жетімділік. Академиялық саясат туралы ақпарат жыл сайын жаңарып, өзектендіріліп отырады, журналдарда, каталогтарда, веб-сайтта жарияланып, жалпыға қол жетімді болады.

ССК критерилері бойынша қорытындылар: (күшті/қанағаттанарлық/ жақсартуды қажет ететін/ қанағаттанарлықсыз

күшті –7
қанағаттанарлық – 0
жақсартуды қажет ететін-0
қанағаттанарлықсыз -0

6.2 «Білім беру бағдарламасы» стандарты

Дәлелдеу бөлімі:

0301000 «Емдеу ісі» мамандығы 0301013 «Фельдшер», 0301023 «Акушер» біліктіліктері бойынша оқу бағдарламасы ҚР МЖМБС 4.05.145-2010 ж. сай, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің әрекет етуші бұйрығымен, Қазақстан Республикасының 2016-2019 жылдарға арналған «Денсаулық» денсаулық сақтауды дамытудың Мемлекеттік бағдарламасының бағыттарына негізделеді. ББ мазмұнын анықтау үрдісінде ОӨТ, ӨТ бойынша бағдарламаларды әзірлеу мен бекітуге оқытушылар жұмыс берушілермен бірге қатысады. Оқу бағдарламасын меңгеруде студенттердің білім алу үрдісіне жауапкершілігін қалыптастыруға мүмкіндік беретін, оқытудың заманауи ұстанымдарына негізделген білім беру мен оқудың әдістері қолданылады. Оқу жоспарының үлгісі, стандартты оқу жоспары, үлгілік оқу жоспары (ҮОЖ) және бағдарлама күтілетін нәтижелерге жету үшін білім беру бағдарламасының мазмұнын, яғни барлық түлектердің оқу нәтижелеріне жетуін қамтамасыз етеді. Оқу жоспарлары мен оқу пәндері бойынша оқу жоспарларын қайта қарау ҚР ЖМББС өзгерістеріне сәйкес жүзеге асырылады. Стандартты оқу жоспарларына сәйкес колледж оқытушылары жұмыс оқу жоспарларын (ЖОБ) және күнтізбелік-тақырыптық жоспарларды (КТЖ) әзірлейді. Бұл оқу құжаттары циклдің әдістемелік комиссияларының (ЦӘК), әдістемелік кеңестің отырыстарында қаралады және келісіледі бекітіледі. БМЖС орындалуын жүйелі түрде бақылау құрылған кестеге сәйкес оқу жоспарындағы пәндер бойынша студенттерден түрлі бақылау жұмыстарын алып, талдау жасап түзетулер енгізу арқылы жүргізіледі. Колледжде кәсіби даярлауға ерекше назар аударылады. «Емдеу ісі» мамандығы бойынша өндірістік іс тәжірибе екі жақты (медициналық мекемемен) келісімшарт негізінде кәсіптік және өндірістік іс тәжірибеден клиникалық базада өтеді.

Күшті жақтары/үздік тәжірибе:

Күшті жақтарына:

- Білім беру бағдарламасының мақсаттарына сай, оқу-бағдарламалық құжаттардың бар болуы: модульдік оқу жұмыс бағдарламасы, үлгілік оқу жоспары, білім беру бағдарламасына сай өзіндік жеке сабақ жоспары.
- Білім алып жатқан студенттердің білімі беру бағдарламасының талаптары мен мазмұнына, критерилеріне сай келеді.
- ОС басшылығы студенттерге оқу тіліне қарамастан тең мүмкіндіктер ұсынады
- Оқу бағдарламалары мен оқу жоспары үнемі мұғалімдер мен студенттердің тарапынан да өзгерту туралы ұсыныстарын ескере отырып қаралады.
- ББ студенттердің миссиясына, міндеттеріне және күтілетін жиынтық нәтижелеріне сәйкес жасалған.
- ББ басшылығы ОС-ны жүзеге асыруда студенттерге жеке қолдау көрсетеді.
- ББ басшылығы «Мейірбике ісі» мамандығы бойынша оқу - өндірістік және диплом алдындағы практиканы өту мүмкіндігін қарастырады, студенттердің, жұмыс берушілердің денсаулық сақтау ұйымдарының басшыларының қанағаттануына бақылау жүргізеді.

ССК-ның АРТА -ға сапары кезінде жүргізілген профессор-оқытушылар құрамының сауалнамасы:

- ББ мазмұны қанағаттандырылды: респондент- 100%; өте жақсы - 93,5%, жақсы - 6,5%;
- Респонденттердің 100% колледж басшылығының назарын ББ мазмұнына қанағаттандырады;
- колледжде оқитын студенттердің білімі 100% респонденттердің пікірі бойынша еңбек нарығының қажеттіліктерін қанағаттандырады;
- респонденттердің 100% -ы білім алушыларға жағдайды талдау және болжамдар жасау мүмкіндігін қалыптастыруды қанағаттандырады.

Талдамалық бөлім

Білім беру бағдарламасын жүзеге асыру білікті кәсіби педагогикалық кадрлармен және денсаулық сақтау ұйымдарымен белсенді ынтымақтастық және тұрақты қаржылық жағдаймен қамтамасыз етіледі. Білім беру бағдарламасының мазмұны мен формасы медицина колледжінің стратегиялық құжаттарымен келісіледі.

Критерий бойынша ССК қорытындылары: (күшті / қанағаттанарлық / жақсартуды ұсынылады / қанағаттанарлықсыз)

Күшті –7
Қанағаттанарлық – 2
Жақсартуды ұсыну-0
Қанағаттанарлықсыз-0

6.3 «Білім беру бағдарламасының тиімділігі» стандарты

Дәлелдеме бөлігі

Медициналық колледжде білім беру бағдарламаларының тиімділігін анықтаудың ресми механизмдері бар. ББ тиімділігін бағалау - әрбір семестрдің соңында топтарда, мамандықтар мен курстарда өткізілетін білім алушылардың оқу жетістіктеріне мониторинг жүргізу. Білім беру бағдарламасының тиімділігі төмендегілер негізінде бағаланады: оқыту әдістерін талдау; студенттердің оқу нәтижелерін бағалау әдістері; түлектер құзыреттілігінің анықтамалары; студенттер, оқытушылар және мүдделі тараптармен сұхбаттасу және сұрастыру; жұмыспен қамтуды талдау.

Талдамалық бөлім

«Білім беру бағдарламасының тиімділігі» стандарты бойынша білім беру бағдарламасын жүзеге асыру үшін педагогтардың сапалық және сандық құрамын атап өтуге болады. «Мейірбике ісі» мамандығы бойынша есептердің жиынтық деректері күтілетін нәтижелерді растайды. Білім беру бағдарламасының тиімділігі студенттердің, түлектердің және жұмыс берушілердің пікірлері түрінде ұсынылады. Колледж мамандарын даярлау ретінде тұтынушылардың қанағаттануы 89,5% -ды құрады. Колледжде заманауи білім беру және ақпараттық-коммуникациялық технологиялар енгізілді (атап айтқанда, симуляциялық орталық). Медициналық колледжде мерзімді бағалау және мониторинг жүргізудің ресми тетігі, іске асырылатын білім беру бағдарламасы және біліктіліктер беріледі.

Күшті жақтары/үздік тәжірибе:

Күшті жақтарына:

- Білім беру бағдарламасы негізінде білім алушылардың баға жоспары, , ол түлек бағдарламаға қол жеткізгендіктен, күтілетін оқу нәтижелерін анықтайды және бағдарламаның тиімділігін бағалайды.

- Педагогикалық кадрларды қалыптастыру білім беру қызметін лицензиялауға қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес қатаң орындалады.

- ОЖ үздіксіз жетілдіру үшін колледж студенттердің шағымдары бойынша ашық және түсінікті саясат жүргізеді.

- Білім беру бағдарламасының мониторинг жүйесі студенттердің білім сапасына қанағаттанушылық дәрежесін анықтауды қамтиды.

- Медициналық колледжде мақұлдау, жүйелі бағалау және білім беру бағдарламалары мен мәселелерін бақылау механизмдері бар.

ССК ұсыныстары

- Оқытушылар мен студенттердің облыстық, республикалық деңгейдегі ғылыми-практикалық конференциялар мен олимпиадаларға қатысуын арттыру, кейіннен білім беру бағдарламаларында ғылыми жұмыстардың нәтижелерін енгізу.

- ***Критерий бойынша ССК қорытындылары: (күшті / қанағаттанарлық / жақсартуды ұсынылады / қанағаттанарлықсыз)***

- Күшті -5

- Қанағаттанарлық – 1

- Жақсартуды ұсынылады – 1

- қанағаттанарлықсыз -0

Дәлелдеме бөлігі

Колледждің профессорлық-оқытушылар құрамы оқытылатын пәндердің профиліне сәйкес келетін, білім берудің тиімді тәжірибесі мен дағдылары бар, студенттердің оқу жетістіктерінің оң динамикасына ие, қазіргі заманғы денсаулық сақтау мен білім беру талаптарына жауап береді.

Мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін бағалауды БжҒМ -нің 2016 ж. №83 бекітілген педагогикалық қызметкерлерді аттестаттау ережесіне сәйкес әр бес жыл сайынғы мерзімді аттестациядан өткен тұрақты мұғалімдер жүзеге асырады. Оқу сапасының тиімділігін бағалау ашық сабақтарды өткізумен, сабаққа қатысу, шебер- сыныптар, конкурстар, семинарлар, конференциялар, «Оқытушының көзімен мұғалім» сауалнама жүргізу арқылы жүзеге асырылады. Колледжде оқытушылардың ғылыми-зерттеу жұмыстары студенттермен бірлесіп жүргізіледі. Электронды баспада 5 мақала жарияланды (автор Қазбекова Дина), республикалық ғылыми басылымдарда 7 мақала жарияланды. 2013-2014 оқу жылында «Тараз-Болашақ» медициналық колледжінде «Интеллект» ғылыми қоғамы ұйымдастырылды. Соңғы үш жылда «Интеллект» қоғамы 3 материал жинағын жариялады. «Тараз-Болашақ» медициналық колледжінің оқытушылары түрлі республикалық жарыстарға қатысып, жүлделі орындарға ие болды. Кафедра оқытушылары 5 жылда кемінде 1 рет біліктілікті арттыру курсынан өтеді. Соңғы оқу жылында ПОҚ-ның 65% -ы біліктілігін көтерді.

АРТА ССК сапары кезінде өткізілген ИПР сауалнамасы колледждің қамтамасыз ету мүмкіндігінің бар екенін көрсетті:

- Инновацияны жылжыту жүйесі - 100% қанағаттанушылық;

- кітапханадағы қажетті ғылыми және оқу әдебиеттерінің болуы - 100% қанағаттанушылық;

- педагогикалық ұжым өздерінің инновацияларын оқу үрдісінде пайдалануда - 100% қанағаттандыру:

- әлеуетті дамытудың үздіксіз мүмкіндігі - 100% қанағаттану;

- ынталандыру деңгейі мен жас мамандарды тарту - қанағаттанудың 100%;

- біліктілігін арттыру бойынша жұмыс - 100% қанағаттану.

- оқытуды қолданбалы іс-әрекеттермен біріктіру мүмкіндігін бағалау - 100% қанағаттану.

Аналитикалық бөлім:

«ОҚЫТУШЫЛАР МЕН ЖӘНЕ ОҚЫТУШЫЛЫҚТЫҢ ТИІМДІЛІГІ» стандарты бойынша мұғалімдер мамандандырылған салалардағы білімді мамандармен таныстырады, білім беру үдерісінде білім беруді тиімді өткізу үшін қажетті дағдылар мен тәжірибеге ие және оларға оқытудың сапасы туралы пікір білдіруі керек. Персоналдың әлеуеті ББ ерекшелігіне сәйкес келеді және жас оқытушыларды қолдау мақсатында мақсатты жұмыс жүргізілуде. Колледжде «Жас мұғалім мектебі» жұмыс істейді, онда білікті оқытушылар мен нұсқаушылар жас мұғалімдерге көмектеседі, олардың нұсқаулары бойынша жас мұғалімдер колледждің миссиясын, мақсаттары мен міндеттерін жүзеге асыруды орындайды және әдістемелік қолдау көрсетеді. Қазіргі уақытта 0301000 «Мейірбике ісі» мамандығына дайындық барысында оқу үрдісін 73 оқытушы құрайды, оның ішінде 67 қызметкер (91%), сырттай жұмыс істейтін қызметкерлер (6 (8%)) және жоғары білімі бар. Оның ішінде PhD - 1, медицина ғылымдарының докторы - 2, магистр - 7, жоғары біліктілік санаты бар -17 мұғалім, бірінші біліктілік санаты бар - 2, екінші - 32, категориясыз - 22 мұғалім. Колледж оқытушылары арасында педагогтар: Аскарлов П.А. - физика-математика ғылымдарының кандидаты, т.ғ.д., Саурбаев Т.К. - медицина ғылымдарының кандидаты, Жексембинова А.К. - пед. доктор Phd. және псих., Жошыбеков С.Д., Ордабеков С.О. - медицина ғылымдарының докторы.

Күшті жақтары / үздік тәжірибе

✓ Медициналық колледж оқытушылар құрамының қызметін бақылайды, мұғалімдердің құзыреттілігін жүйелі түрде және оқыту сапасының тиімділігін кешенді бағалайды.

✓ Педагогикалық кадрларды мамандандырылған білім салалары мамандары ұсынады, бағдарламаның орындалуын қамтамасыз етеді. Педагогтардың сандық және сапалық құрамын талдау біліктілік талаптарына, білім беру бағдарламасының мақсаттарына сәйкес келеді. Колледжде тиісті практикалық тәжірибесі бар білікті мамандардың ішінде тәлімгерлер де бар.

✓ Колледж оқытушыларының құқықтары мен міндеттері лауазымдық нұсқаулықтармен реттеледі, олар біліктілік талаптарына сәйкес жыл сайын қаралады және талданады.

✓ Мұғалімдердің жұмыс жүктемесі түрлі іс-шараларды қамтиды. ББ басшылығы мұғалімдердің жоспарланған жұмыс жүктемесінің барлық түрлерінің орындалуын дәлелдейді.

✓ Білім беру бағдарламаларын басқару жас мұғалімдерді дамыту бойынша мақсатты іс-шараларды қамтамасыз етеді. Колледжде «Жас мұғалім мектебі» жұмыс істейді.

✓ ББ басшылығы мұғалімдер мен қызметкерлердің кәсіби және жеке дамуын ынталандыру тетіктерін көрсетеді.

Критерий бойынша ССК қорытындылары: (күшті / қанағаттанарлық / жақсартуды ұсынылады / қанағаттанарлықсыз)

күшті-10

қанағаттанарлық – 0

жақсартуды ұсынылады -0
қанағаттанарлықсыз-0

6.4 «Білім алушылар» стандарты

Дәлелдеме бөлімі

Студенттер контингентінің қызметі колледждің миссиясымен тығыз байланысты. 2017-2018 оқу жылындағы «Емдеу ісі» мамандығы бойынша студенттердің контингенті - 1863 студент, олардың 1543-і мемлекеттік тілде оқытылады.

Мамандық бойынша студенттердің контингенті

Мамандық	Білім алатын студенттердің саны								
	2015-2016ж			2016-2017ж			2017-2018ж		
	Барлығы	Мемлекеттік тіл	Орыс тілі	Барлығы	Мемлекеттік тіл	Орыс тілі	Барлығы	Мемлекеттік тіл	Орыс тілі
0302000 Емдеу ісі	1120	827	265	1143	887	256	1188	925	242

Студенттің контингенті колледжде арнайы мамандықты таңдап, оқуға түсу емтихандары, бірыңғай ұлттық тестілеу, жалпы білім беретін мектеп түлектері, кешенді тестілеу нәтижелері бойынша шекті деңгейге қол жеткізген талапкерлер санынан құралады. Колледж басшылығын студенттермен бірге жүзеге асыру келесі бағыттар бойынша жүргізіледі:

- кәсіптік білім алу үшін медициналық мекемені таңдаған кезде талапкерлердің артықшылықтарын талдау;
- колледждегі білім берудің шарттары мен сапасына ата-аналардың қатынасы;
- колледждегі оқу процесінің негізгі бағыттары бойынша студенттердің пікірін анықтау.

6.5 «Білім алушылар» стандарты

Дәлелдеме бөлімі:

2017-2018 оқу жылында 1863 студент «Емдеу ісі» мамандығында білім алуда десек, оның 1543 студенті мемлекеттік тілде оқиды.

Студенттің контингенті колледжде оқуға барынша дайындалған тұлғалар санынан қалыптасады, олар арнайы мамандықты таңдап, қабылдау емтихандарының қорытындысы бойынша шектік балл жинаған, бірыңғай ұлттық тестілеу жалпы білім беретін мектептердің түлектері, талапкерлерді кешенді тестілеу. Колледж басшылығының студенттермен жұмыс істеуі келесі бағыттар бойынша жүргізіледі,

- емдеу мекемесін таңдау кезінде талапкерлердің артықшылықтарын талдау кәсіптік білім беру саласы;
- колледждегі білім берудің шарттары мен сапасына ата-аналардың қатынасы;
